



Статистика, учет и аудит, 2(101)2026. стр. 164-178
DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2026.-2.12>

Экономика және менеджмент
FTAMP 06.56.21, 06.61.33
ӨОЖ 332.122, 334.722

КӘСІПкерлікті дамытуға арнайы экономикалық аймақтардың әсерін бағалау

Н.К. Нурланова¹, А.Т. Тлеубердинова¹, А.О. Ахтурсунова^{2*}, Е.Т. Садыков¹

¹Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Алматы, Қазақстан

²Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

*Corresponding author e-mail: aigerima.bazh@gmail.com

Аңдатпа. Әлемдік тәжірибе арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) экономикалық дамуы кәсіпкерліктің дамуына оң әсер ететінін растайды. Қазақстанда 17 арнайы экономикалық аймақ құрылған, алайда олардың тиімділігі инфрақұрылымның жеткіліксіздігі мен әлеуетінің толық пайдаланылмауына байланысты әртүрлі деңгейде. Сондықтан олардың дамуын және ықпалын арттыруға бағытталған шараларды әзірлеу тиімділігін бағалауды талап етеді. Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтардың қызмет етуінің теориялық және практикалық аспектілерін талдау, олардың кәсіпкерлікке ықпалын бағалау және оны жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу. Зерттеу гипотезасы арнайы экономикалық аймақтардағы жеңілдетілген режимнің нәтижесінде негізгі капиталға салынатын инвестициялар көлемінің ұлғаюы кәсіпкерліктің дамуына ықпал етеді деген тұжырымға негізделген. Зерттеуде логикалық, жүйелік және экономикалық-статистикалық әдістер, оның ішінде корреляциялық талдау қолданылды. Зерттеу Қарағанды, Маңғыстау және Түркістан облыстарындағы арнайы экономикалық аймақтар негізінде жүргізілді. Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде алынды. Зерттеу нәтижелері арнайы экономикалық аймақтарға тартылған инвестициялардың кәсіпкерліктің дамуына елеулі әсер ететінін көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтардың қызметін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар әзірленді. Алынған нәтижелер зерттеу гипотезасын растайды, яғни арнайы экономикалық аймақтарға салынатын инвестициялар көлемінің ұлғаюы кәсіпкерлік белсенділікке оң әсер етеді.

Түйінді сөздер: арнайы экономикалық аймақтар, шағын және орта кәсіпкерлік, өңір, экономика, инвестициялар.

Негізгі ережелер. Қазіргі жағдайда Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтар белсенді түрде дамып келеді, олардың құрылуындағы негізгі мақсат – бизнесті жандандыру үшін іскерлік ахуалды жақсарту, халықты жұмыспен қамтуды арттыру, экономиканы әртараптандыру және оның тұрақты өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Мақалада арнайы экономикалық аймақтар қызметін реттеу тетіктерінің

Cite this article as: Nurlanova N.K., Tleuberdinova A.T., Akhtursunova A.O., Sadykov E.T. Assessment of the impact of special economic zones on the development of entrepreneurship. *Statistics, accounting and audit*. 2026, 2(101), 164-178. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2026.-2.12>



теориялық тұрғыдағы және Қазақстандағы тәжірибедегі айрықша белгілері мен ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Арнайы экономикалық аймақтарға инвестициялар тарту мен кәсіпкерліктің дамуы арасындағы себеп-салдарлық байланысқа талдау жүргізілді. Қарағанды, Маңғыстау және Түркістан облыстары аумағындағы арнайы экономикалық аймақтар қызметінің жеткіліксіз тиімділігінің себептері

Кіріспе. Жаһандық тәуекелдердің күшеюі жағдайында дамушы мемлекеттердің басты басымдығы – экономиканы әртараптандыру және өндірістің аумақтық ұйымдастырылуын жетілдіру негізінде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Бұл бағытта арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) қалыптастыру кең мүмкіндіктер ашады. Әдетте мұндай аймақтар дамыған инфрақұрылымы және экономикалық субъектілердің қызметін реттеудің ерекше режимі бар аумақтар болып табылады. Аталған режим шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) дамуын ынталандыруға, олардың инвестициялық және инновациялық белсенділігін арттыруға, сондай-ақ жаңа тиімді жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда өндірісті аумақтық ұйымдастырудың бұл нысаны да айтарлықтай дамыды. АЭА мен индустриялық аймақтардың қызметін реттейтін заңнама АЭА-ның негізгі сипаттамаларын, сондай-ақ олардың қатысушыларына 25 жылға дейін, ұзарту мүмкіндігімен қолданылатын ерекше құқықтық, салықтық және әкімшілік режимді нақты айқындайды. Арнайы аймақтарды құрудың басты мақсаты – жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға, бизнестің өркендеуіне, сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге және халықты жұмыспен қамтуды арттыруға жағдай жасау [1, 2]. АЭА-ның артықшылықтарына әртүрлі преференциялардың ұсынылуын жатқызуға болады, олардың қатарында жабдықтар мен шикізатты импорттау кезіндегі кедендік баждардың төмендетілуі, бизнесті жүргізудің формалды рәсімдерінің жеңілдетілуі, сондай-ақ дамыған инфрақұрылым мен логистикамен қамтамасыз ету бар. Қарастырылған шаралар елдегі аймақтардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, ұлттық экономикадағы кәсіпкерлік сектордың кеңеюіне ықпал етуі тиіс. Алайда заңда көзделген шаралардың қаншалықты толық жүзеге асырылғаны, оларды жетілдіру қажеттілігі бар ма және олардың бизнес дамуына әсері қандай деген мәселелер әлі де өзекті болып отыр. Осыған байланысты АЭА-ның шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету деңгейін зерттеу ерекше маңызға ие.

Мақаланың мақсаты – АЭА-ның теориялық негіздерін және Қазақстандағы қызмет ету тәжірибесін зерттеу, олардың кәсіпкерлікті дамытуға әсерін бағалау және қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу гипотезасы ретінде жеңілдікті режим есебінен АЭА-ның негізгі капиталына инвестициялар көлемінің өсуі кәсіпкерліктің дамуына ықпал етеді деген болжам ұсынылды.

Зерттеу барысында логикалық әдіс, жүйелік тәсіл, корреляциялық және экономикалық-статистикалық талдаудың сандық әдістері, сондай-ақ ұқсастық пен жалпылау әдістері қолданылды. Эмпирикалық база ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректері пайдаланылды.

Зерттеу объектісі ретінде Қарағанды, Маңғыстау және Түркістан облыстары аумағында орналасқан АЭА таңдалды. Бұл өңірлерді таңдау олардың экономикалық құрылымы мен салалық мамандануының айтарлықтай айырмашылықтарына байланысты негізделді.



Зерттеу нәтижелері: әдебиеттерге шолу негізінде АЭА-ның негізгі сипаттамалары мен оларды реттеу тетіктері анықталды; Қарағанды, Маңғыстау және Түркістан облыстары мысалында Қазақстандағы АЭА қызметінің ерекшеліктері зерттелді; Пирсон корреляция коэффициентін есептеу негізінде АЭА-ға тартылған негізгі капиталға инвестициялар көлемінің өсуі кәсіпкерліктің дамуына елеулі әсер ететіні дәлелденді; кәсіпкерлікті жандандыру мақсатында АЭА жағдайларын жетілдіру бойынша ұсынымдар негізделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қолданыстағы зерттеулермен салыстырғанда, біріншіден, АЭА-ның кәсіпкерлік белсенділікке әсерін бағалау тәсілін өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып нақтылаумен; екіншіден, АЭА әсерін бағалауға арналған авторлық көрсеткіштер жиынтығын қалыптастырумен; үшіншіден, тұрақты үрдістерді анықтауға мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді бақылау кезеңін қолданумен айқындалады.

Әдебиеттерге шолу. АЭА әлемдік тәжірибеде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудің, өнеркәсіпті трансформациялаудың және кәсіпкерлікті дамытудың тиімді құралы ретінде өзін дәлелдеді, бұл олардың әлемнің көптеген елдерінде санының қарқынды өсуімен расталады. Зерттеулер деректері бойынша, 2019 жылға қарай 147 елде шамамен 5400 АЭА жұмыс істеген, және олардың құрылу үдерісі жалғасуда [3].

Ғылыми әдебиеттерде АЭА өңірлік саясаттың маңызды құралы ретінде қарастырылады, ол инфрақұрылымды дамытуға, инвестицияларды тартуға, инновацияларды енгізуге және ең алдымен экономиканың басым салаларында жоғары өнімді жұмыс орындарын құруға ықпал етеді [4]. Бірқатар зерттеулер олардың, әсіресе дамушы елдерде, индустрияландыру деңгейінің төмендігі мен қосылған құнның жеткіліксіздігіне байланысты құрылымдық шектеулерді еңсерудегі рөлін атап өтеді [5]. Эмпирикалық бағалаулар АЭА-ның кәсіпкерлік белсенділікке оң әсерінің елеулі бөлігі инвестициялық, технологиялық және институционалдық факторлармен түсіндірілетінін көрсетеді [6, 7]. Ұқсас тұжырымдар Қазақстан үшін де тән, мұнда АЭА-ның дамуы заманауи инфрақұрылымның қалыптасуына, өнеркәсіптік алаңдардың құрылуына және өңірлерде жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етті [8].

АЭА қызметі мен кәсіпкерлікті дамытуға арналған зерттеулердің кең ауқымына қарамастан, арнайы экономикалық аймақтардың өңірлік кәсіпкерлікке әсері жеткілікті деңгейде зерттелмеген [9–12]. Сонымен қатар, көптеген авторлар АЭА қолайлы институционалдық жағдайлар, қаржыландыруға қолжетімділік және әкімшілік кедергілерді азайту арқылы инновациялық әлеуетті арттырып, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыратыны жөнінде ортақ пікірге келеді [10, 13, 14]. Бұл мәселені талдауда қытайлық ғалымдар ерекше үлес қосты. Олар экономиканың ашықтығы, шетелдік инвестициялар ағыны және сыртқы сауданың дамуы есебінен, әсіресе қызмет көрсету саласында, АЭА-ның кәсіпкерлік деңгейіне оң әсер ететінін дәлелдеді [2, 15]. Сонымен бірге, АЭА әсері аймақ шегінен тыс таралып, көршілес өңірлерде қолайлы кәсіпкерлік ортаның қалыптасуына ықпал ететіні атап өтіледі. Бұл БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясының Кәсіпкерлік саясатының рамалық бағдарламасында көрсетілген АЭА-ның шағын және орта бизнесті дамытуға тікелей және жанама әсер ету тетіктерімен сәйкес келеді (1-кесте).



1-кесте – БҰҰСДЖК Кәсіпкерлік саясатының рамалық бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға әсер ететін жағдайлар мен тетіктер

АЭА жағдайлары	Кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу тетіктері мен іс-шаралары	
	1 АЭА шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу	2 АЭА-дан тыс кәсіпкерлікті қолдау
Нормативтік орта	- АЭА үшін жалпы жеңілдіктер. - ШОК үшін арнайы (жалпы немесе салалық) АЭА жеңілдіктері. - «Бір терезе» қағидаты бойынша әкімшілік қолдау көрсету.	- АЭА компанияларын және/немесе жергілікті компанияларды жеткізушілермен байланыстарды кеңейтуге ынталандыру. - АЭА компанияларының жергілікті жеткізушілері үшін әкімшілік рәсімдерді жеңілдету.
Білім беру және дағдыларды дамыту	- Жалпы іскерлік дағдыларды оқыту. - Салалық мамандандырылған оқыту. - АЭА-дағы ірі және/немесе шетелдік компанияларда тәлімгерлік / тағылымдамадан өту бағдарламалары.	- Жеткізушілерді дамытуға байланысты салаларда әлеуетті арттыру. - Жергілікті кәсіпкерлер үшін АЭА-дағы ірі және/немесе шетелдік компанияларда тәлімгерлік/тағылымдамадан өту бағдарламалары.
Технологиялар алмасу және инновациялар	- Стартаптарға арналған инкубаторлар мен акселераторлар. - АЭА шеңберіндегі шағын және ірі кәсіпорындар арасындағы желілік өзара іс-қимыл. - АКТ бойынша оқыту. - Жеткізушілерді дамыту бағдарламалары.	- Жергілікті кәсіпкерлер үшін АЭА-дағы ірі және/немесе шетелдік компанияларда тәлімгерлік/тағылымдамадан өту бағдарламалары. - Жергілікті ШОК кәсіпорындарына арналған арнайы бөлінген үй-жайлар.
Қаржыландыруға қолжетімділік	- Қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша оқыту. - Экспорттық және өтпелі (bridge) қаржыландыру схемалары. - ШОК пен қаржылық қызмет көрсетушілер арасындағы өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған іс-шаралар.	- Жергілікті жеткізушілердің дамуын қолдайтын қаржылық бағдарламалар (АЭА әкімшілігі арқылы немесе ұлттық бағдарламалармен ынтымақтастықта).
Хабардарлық және желілік өзара іс-қимыл	- Жергілікті кәсіпкерлер мен АЭА компаниялары арасындағы желілік өзара іс-қимыл. - АЭА кәсіпорындары, соның ішінде ірі шетелдік компаниялар мен жергілікті ШОК фирмалары арасындағы желілік іс-шаралар. - Экспорттық және сауда жәрменкелері.	- Жергілікті жеткізушілердің дерекқоры. - Жергілікті ШОК фирмаларына арналған арнайы бөлінген кеңістіктер.
Тетіктерді іске асырудың нәтижесі – кәсіпкерлік белсенділіктің артуы және серпінді дамып келе жатқан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері.		
Ескерту: [16] дереккөзі негізінде құрастырылған		

Арнайы экономикалық аймақтардағы кәсіпкерлік салықтық жеңілдіктердің берілуі, шағын және орта бизнесті қолдау, бизнес-инкубацияны дамыту, сондай-ақ қаржыландыру көздері мен еңбек нарығына қолжетімділікті жеңілдету арқылы дамиды. Бұл әкімшілік кедергілерді азайтып, жаңа кәсіпорындардың құрылуын ынталандырады [1, 2]. Жанама әсерлер ірі компаниялардың білім, технологиялар мен басқару тәжірибесін



таратуы, нарықтық мүмкіндіктерді кеңейтуі және жұмыс күшінің мобильділігін арттыруы арқылы қалыптасады. Нәтижесінде инновациялық қызметтің дамуына және жергілікті кәсіпкерліктің өркендеуіне қолайлы жағдай жасалады [1, 2, 13]. Алайда бұл әсерлерді толық іске асыру, әсіресе шағын және жас кәсіпорындарға қатысты, мақсатты әрі үйлестірілген саясатты талап етеді.

Арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) өңір ішінде де, одан тыс жерлерде де кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсетеді. Олардың тиімділігі институционалдық ортаға және қолданылатын шаралар кешеніне байланысты. БҰҰ саясаты кәсіпкерлікті дамытудың бес негізгі бағытын айқындайды: реттеуші саясат, кәсіпкерлік дағдыларын дамыту, технологиялар трансфері мен инновациялар, қаржыландыруға қолжетімділік және іскерлік байланыстарды нығайту [13].

АЭА-ның тікелей және жанама ықпал ету тетіктерін үйлестіру жергілікті кәсіпкерлікті ынталандыратын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Шетелдік зерттеулердің нәтижелері мен Қазақстанның инвестициялар тарту жөніндегі басымдықтарын негізге ала отырып, келесі гипотеза ұсынылды [2]: АЭА-дағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің артуы кәсіпкерліктің дамуына оң әсер етеді. Осы гипотезаны тексеру үшін АЭА қызметінің белсенділігі мен өңірлік деңгейдегі кәсіпкерліктің дамуы арасындағы байланысты бағалауға мүмкіндік беретін сандық әдістер кешені қолданылды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу логикалық әдіс пен жүйелік тәсілді, корреляциялық және экономикалық-статистикалық талдаудың сандық әдістерін, сондай-ақ ұқсастық пен жалпылау әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Зерттеу дизайны ретроспективті панельдік сипатқа ие және арнайы экономикалық аймақтардың қызметі мен өңірлік бөліністе кәсіпкерлік белсенділік көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған.

Эмпирикалық база ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми деректері пайдаланылды. Талдау 2005–2024 жылдар аралығын қамтиды, бұл АЭА қызметінің қысқа мерзімді және орта мерзімді әсерлерін бағалауға мүмкіндік береді.

Бақылау бірліктері ретінде аумағында АЭА жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының өңірлері алынды. Осылайша, көрсетілген кезең бойынша әр өңірге қатысты жылдық деректерді қамтитын панельдік іріктеме қалыптастырылды (әр өңір бойынша орта есеппен 20-ға дейін бақылау), бұл уақыт қатарларының салыстырмалылығын және өңіраралық салыстырулардың дұрыстығын қамтамасыз етеді. Деректердің салыстырмалылығы бірыңғай ресми статистикалық әдіснаманы қолдану, бастапқы ақпараттық базаның толықтығы және оларды бүкіл талдау кезеңі бойынша салыстырмалы түрге келтіру арқылы қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, құндық көрсеткіштер тұтыну бағалары индексін пайдалану арқылы салыстырмалы бағаларға келтірілді; базалық жыл ретінде зерттеудің бастапқы кезеңі алынды. Бұл инфляциялық үдерістердің әсерін төмендетіп, көрсеткіштердің нақты динамикасын дұрыс бағалауға мүмкіндік берді.

2-кестеде АЭА қызметін және олардың кәсіпкерліктің дамуына әсерін талдау үшін іріктелген көрсеткіштердің тізбесі мен осы көрсеткіштердің кодталуы ұсынылған.



2-кесте – Талданатын көрсеткіштердің кодталуы

ЖІТШОКСС	Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлік
ТШОКСС	Тіркелген ШОК субъектілерінің саны, бірлік
ЖІТЖКС	Жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлер саны, бірлік
НКИ	Негізгі капиталға инвестициялар, млн теңге
ЖӨӨ	Жалпы өңірлік өнім, млн теңге
ЖҚҚШОК	ШОК құрған жалпы қосылған құн, млн теңге
ШОКҮЖӨӨ	ЖӨӨ-дегі ШОК үлесі, %

АЭА қызметінің нәтижелік көрсеткіші ретінде негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі қабылданды. АЭА дамуы мен кәсіпкерлік белсенділік арасындағы байланыстың тығыздығы мен бағытын анықтау үшін Пирсонның корреляция коэффициенті негізінде корреляциялық талдау қолданылды, ол келесі формула бойынша есептелді (1).

$$r_{xy} = \frac{\sum(x_i - \bar{x})(y_i - \bar{y})}{\sqrt{\sum(x_i - \bar{x})^2 \sum(y_i - \bar{y})^2}} \quad (1)$$

Аталған коэффициент АЭА-ға тартылған негізгі капиталға инвестициялар көлемі мен ШОК субъектілерінің саны арасындағы сызықтық тәуелділікті бағалауға мүмкіндік береді. Қосымша ретінде кәсіпкерлік белсенділікке әсер етудің сараланған нәтижелерін анықтау мақсатында АЭА жұмыс істейтін өңірлерге салыстырмалы талдау жүргізілді.

АЭА орналасқан өңірлердегі кәсіпкерлік белсенділіктің динамикасы белсенді бизнес субъектілерінің үлес салмағын есептеу негізінде сипаттамалық статистикалық талдау арқылы бағаланды (2):

$$U_i = \frac{X_i}{\sum_{i=1}^n X_i} * 100\%, \quad (2)$$

Мұнда X_i – өңірдегі жұмыс істеп тұрған ШОК санының мәні,

$\sum_{i=1}^n X_i$ – өңірдегі тіркелген ШОК-тың жалпы саны,

U_i – жұмыс істеп тұрған ШОК санының үлес салмағы, %.

Осылайша, қолданылған әдістемелік құралдар АЭА-ның кәсіпкерлікті дамытуға әсерін уақыттық динамиканы, өңіраралық айырмашылықтарды және бастапқы деректердің салыстырмалылығын ескере отырып кешенді талдауды қамтамасыз етеді.

Нәтижелер және талқылау. Қазақстандағы АЭА-ның ерекше құқықтық мәртебесі олардың қатысушыларына салықтық және мүліктік жеңілдіктер беруді көздейді. Атап айтқанда, корпоративтік табыс салығы мен мүлік салығынан босату, аймақ ішінде өткізілетін тауарларға қосылған құн салығының (ҚҚС) нөлдік мөлшерлемесін қолдану, сондай-ақ қажетті инфрақұрылым болған жағдайда жалдау ақысы мен жер салығынан босату қарастырылған. Осы преференциялардың нәтижесінде локомотивтер, теміржол вагондары, құбырлар және химия өнеркәсібінің өнімдерін қоса алғанда, 30-дан астам өнім түрінің өндірісі игерілді. Сонымен қатар, 2024 жылғы 3-кестенің деректері көрсеткендей, АЭА қызметі әлі де инновациялық даму бағытына жеткілікті деңгейде бағдарланбаған. Талдау жүргізу үшін кәсіпкерлікті дамыту жағдайлары, инвестициялар деңгейі және экономикалық мамандануы әртүрлі өңірлер ретінде Қарағанды, Маңғыстау және Түркістан облыстары таңдап алынды. Қарағанды



облысы дамыған өнеркәсіптік базасымен және өндірістік бағыттағы АЭА-ның шоғырлануымен ерекшеленеді.

3-кесте – Қазақстанның Қарағанды, Маңғыстау және Түркістан облыстарындағы арнайы экономикалық аймақтар және олардың сипаттамасы

№ р/р	АЭА атауы және режимінің қолданылу мерзімі	Мамандануы, қызмет индикаторлары	Қосымша рұқсат етілген қызмет түрлері	Аумақтық орналасуы
1	«Сарыарқа» АЭА 2011– 2036 жж.	Металлургия өнеркәсібі, ауыр машина жасау және металл өңдеу, шикізатты қайта өңдеу. Орта технологиялық деңгей, ұзақ өмірлік циклі бар өндірістер.	2021 жылы төмен технологиялық жаңа қызмет түрлеріне рұқсат берілді: қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; көлік құралдары мен өзге де жабдықтардың материалдарын кәдеге жарату (қалпына келтіру).	Қарағанды қаласының 595 га аумағында және Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданына іргелес жерлерде орналасқан. АЭА құрамына «Металлургия–металл өңдеу» индустриялық паркі және №1 «Кремний алқабы» субаймағы кіреді.
2	«Ақтау Теңіз порты» АЭА 2002– 2028 жж.	Порттық мамандану: логистика және қоймалау. Электр аспаптарын, құбырларды, құрылыс материалдарын, машиналар мен жабдықтарды, фармацевтикалық өнімдерді өндіру, құрылыс. Орта технологиялық деңгей.	2021 жылы жаңа қызмет түрлеріне рұқсат берілді: жылу электр станциялары арқылы электр энергиясын өндіру; электр энергиясын беру және бөлу; құрылыс; қонақүй және рекреациялық қызметтер. 2024 жылғы 30 қаңтардан бастап аумақ көлемі қысқартылды.	Маңғыстау облысының Ақтау қаласындағы теңіз сауда порты аумағында және Мұнайлы ауданында орналасқан, жалпы аумағы – 2130 га.
3	«Turkistan» АЭА («TURAN») 2018–2043 жж.	Аралас мамандану: төмен және орта технологиялық деңгейдегі өнеркәсіп, туризм. 49 қатысушы, 80 жоба, 125 млрд теңге инвестиция, 4630 жұмыс орны. 2043 жылға қарай: 197 млрд теңге инвестиция, 85 қатысушы, 10 000 жұмыс орны.	2021 жылы жаңа қызмет түрлеріне рұқсат берілді: аумақтарды абаттандыру; жиһаз жөндеу; тамақтану қызметтері; электрондық және оптикалық жабдықтарды жөндеу (төмен технологиялық деңгей); ақпараттық технологиялар мен жүйелер саласындағы қызмет.	«TURKISTAN» АЭА-ның 1338 га аумағында орналасқан. Құрамына 4 субаймақ кіреді: тарихи орталық, әкімшілік-іскерлік аймақ, екі өнеркәсіптік аймақ (365 га және 35 га).

Ескертпе: авторлар келесі дереккөздер негізінде құрастырған: 1) Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар. URL: http://www.kaznexinvest.kz/SEZ/economic_zones.php; 2) Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар. URL: <https://qazindustry.gov.kz/ru/sez>; 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №1187 қаулысының жаңа редакциясы; 4) «TURAN» арнайы экономикалық аймағын құру туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қазандағы №693 қаулысы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 10.10. №892 қаулысымен бекітілген редакция). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000693> (қол жеткізу күні: 06.12.2025 ж.).

Маңғыстау өңірі экономиканың шикізаттық бағыттылығымен, мұнай-газ секторындағы жоғары инвестициялық белсенділігімен және порттық АЭА-ның




дамуымен сипатталады. Ал Түркістан өңірі, керісінше, индустрияландыру деңгейі төмен аграрлық-қызмет көрсету өңірі болып табылады және оның ШОК-ты дамыту әлеуеті инвестициялар тартуға және жаңа салаларды қалыптастыруға бағытталған АЭА арқылы іске асырылады. Бұл өңірлер АЭА-ның жұмыс істеуінің әртүрлі үлгілерін көрсетеді және олардың кәсіпкерлікке әсерін салалық құрылым мен даму деңгейін ескере отырып, бағалауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижелері орта және төмен технологиялық деңгейдегі салалардың басым екенін және бірқатар АЭА-ның нақты мамандануының жарияланған мамандануына сәйкес келмейтінін көрсетеді. Жекелеген аймақтарда, соның ішінде «Ақтау теңіз порты» және «TURAN» АЭА бейінді емес қызмет түрлері дамып, құрылыс көлемі кеңейтілген. Инфрақұрылым негізгі шектеуші фактор болып табылады: оның дайындық деңгейі шамамен 70%-ды құрайды, бұл жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің санын және жобаларды іске асыру деңгейін төмендетеді. Мысалы, «Ақтау теңіз порты» АЭА-да тіркелген 30 кәсіпорынның тек 9-ы ғана нақты жұмыс істейді. Жалпы алғанда, АЭА-ның экспортты және жоғары технологиялық салаларды дамыту әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. «Жол картасының» деректері бойынша АЭА-ның инвестициялық портфелі 1,2 трлн теңге сомасындағы 315 жобаны және 21 мыңнан астам жұмыс орнын қамтиды [17].

Әлеуеті жоғары мысал ретінде Түркістан облысындағы «TURAN» АЭА атауға болады, мұнда алдағы бес жылда 200 млрд теңгеден астам инвестиция көлемімен және 4 мыңнан астам жұмыс орнын құру арқылы мақта-тоқыма өндірісінің толық циклын қалыптастыру жоспарланып отыр [18].

Қарағанды, Маңғыстау және Түркістан облыстарындағы АЭА-ның негізгі капиталға салынған инвестициялар динамикасын талдау АЭА-ның инвестициялық белсенділікті ынталандырудың тиімді құралы ретінде қызмет атқаратынын растайды (1-сурет).

1-суреттен көрініп тұрғандай, АЭА-ның құрылған жылдары өсу қисықтарының көтерілуінің бастапқы нүктелері ретінде байқалады. Қарастырылып отырған облыстарда АЭА-ның құрылуы инвестициялық өсімге елеулі серпін бергені айқын аңғарылады.



1-сурет – Арнайы экономикалық аймақтар жұмыс істейтін өңірлердегі негізгі капиталға салынған инвестициялар динамикасы, млн теңге

Ескерту: [19] дереккөзі негізінде құрастырылған

АЭА орналасқан үш өңірдің деректері негізінде (1) формула бойынша корреляциялық талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде АЭА-ның тиімділігінің негізгі көрсеткіші болып табылатын инвестициялар көлемі мен ШОК субъектілерінің саны



арасында жоғары деңгейдегі статистикалық мәнді оң байланыс анықталды (4-кесте). Сонымен қатар, алынған нәтижелер статистикалық тәуелділікті ғана көрсетеді және себеп-салдарлық байланысты растамайды. Корреляция коэффициенттерінің ең жоғары мәндері Маңғыстау облысында тіркелді. Түркістан облысында инвестициялар мен жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер саны арасындағы байланыс тіркелген кәсіпорындар санына қарағанда анағұрлым айқын байқалады.

Қарағанды облысында жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны жалпы ішкі өніммен, инвестициялар көлемімен, ШОК субъектілерінің қосылған құн көрсеткіштерімен, сондай-ақ олардың жалпы ішкі өнімдегі үлесімен күшті статистикалық мәнді байланыс көрсетеді ($r = 0,825-0,944$; $p < 0,01$), бұл өңірдің макроэкономикалық серпінімен тығыз байланысын көрсетеді. Сонымен бірге ықпал ету бағыты біrmәнді емес, өйткені көрсеткіштердің өзгеруі факторлардың жиынтық әсерімен түсіндірілуі мүмкін. Осындай тұрақты корреляциялық байланыстар тіркелген ШОК субъектілері мен жеке кәсіпкерлер үшін де анықталды, алайда олар да себеп-салдарлық байланысты анықтауға мүмкіндік бермейді.

Маңғыстау облысында кәсіпкерлік белсенділігінің барлық көрсеткіштері жалпы ішкі өніммен, инвестициялар көлемімен және ШОК субъектілерінің қосылған құнымен өте тығыз оң байланыс көрсетеді ($r = 0,874-0,974$; $p < 0,01$). Ең күшті байланыстар тіркелген ШОК субъектілері мен инвестициялар арасында, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ШОК мен олардың қосылған құны арасында байқалады. Бұл капитал сыйымдылығы жоғары экономика жағдайында кәсіпкерлік пен инвестициялық серпіннің үйлесімділігін көрсетуі мүмкін, алайда корреляциялық талдаудың шектеулеріне байланысты бұл тұжырым болжамды сипатқа ие.

4-кесте – Кәсіпкерлік дамуы көрсеткіштерінің корреляциялық тәуелділіктері

	ЖІТШОКСС	ТШОКСС	ЖІТЖКС	НКИ	ЖӨӨ	ЖҚҚШОК	ШОКҮЖӨӨ
Қарағанды облысы							
ЖІТШОКСС	1	0,925**	0,979**	0,825**	0,927**	0,872**	0,944**
ТШОКСС	0,925**	1	0,961**	0,707**	0,802**	0,722**	0,863**
ЖІТЖКС	0,979**	0,961**	1	0,793**	0,879**	0,816**	0,910**
НКИ	0,825**	0,707**	0,793**	1	0,938**	0,945**	0,891**
ЖӨӨ	0,927**	0,802**	0,879**	0,938**	1	0,985**	0,974**
ЖҚҚШОК	0,872**	0,722**	0,816**	0,945**	0,985**	1	0,951**
ШОКҮЖӨӨ	0,944**	0,863**	0,910**	0,891**	0,974**	0,951**	1
Түркістан облысы							
ЖІТШОКСС	1	0,534*	0,980**	0,825**	0,915**	0,895**	0,752**
ТШОКСС	0,534*	1	0,645**	0,385	0,578**	0,428	0,219
ЖІТЖКС	0,980**	0,645**	1	0,818**	0,920**	0,876**	0,699**
НКИ	0,825**	0,385	0,818**	1	0,911**	0,939**	0,814**
ЖӨӨ	0,915**	0,578**	0,920**	0,911**	1	0,961**	0,820**
ЖҚҚШОК	0,895**	0,428	0,876**	0,939**	0,961**	1	0,920**
ШОКҮЖӨӨ	0,752**	0,219	0,699**	0,814**	0,820**	0,920**	1
Маңғыстау облысы							
ЖІТШОКСС	1	0,978**	0,996**	0,923**	0,967**	0,956**	0,896**
ТШОКСС	0,978**	1	0,983**	0,925**	0,974**	0,933**	0,896**
ЖІТЖКС	0,996**	0,983**	1	0,922**	0,958**	0,937**	0,874**
НКИ	0,923**	0,925**	0,922**	1	0,904**	0,913**	0,820**
ЖӨӨ	0,967**	0,974**	0,958**	0,904**	1	0,942**	0,876**
ЖҚҚШОК	0,956**	0,933**	0,937**	0,913**	0,942**	1	0,944**
ШОКҮЖӨӨ	0,896**	0,896**	0,874**	0,820**	0,876**	0,944**	1

Ескерту: *Корреляция 0,05 деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнді (екі жақты). ** Корреляция 0,01 деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнді (екі жақты).



Түркістан облысында байланыстар құрылымы біркелкі емес: жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері мен жеке кәсіпкерлер макроэкономикалық көрсеткіштермен тығыз байланысты ($r = 0,818-0,920$; $p < 0,01$), ал тіркелген ШОК субъектілері көбінесе статистикалық мәнділікті көрсетпейді ($p > 0,05$). Бұл белсенді емес кәсіпорындардың болуын және микробизнестің басым екенін көрсетуі мүмкін.


Жалпы алғанда, алынған нәтижелер өзара байланыстардың өңірлік біркелкі еместігін және институционалдық әрі құрылымдық факторларды ескере отырып, ШОК-ты қолдау саясатын сараланған тәсіл негізінде жүргізу қажеттігін растайды.

Жүргізілген тексеру нәтижелері көрсеткендей, өзара байланыстардың басым бөлігінің оң бағыттылығы мен статистикалық мәнділігі баламалы тәсілді қолданған кезде де сақталады (5-кесте). Уақыттық трендті ескергеннен кейін кейбір жағдайларда корреляция коэффициенттерінің шамалы төмендеуі байқалады, бұл жалпы макроэкономикалық өсудің ықпалын көрсетеді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер анықталған тәуелділіктердің тұрақтылығын және қосымша факторларды ескеру қажеттігін растайды.

5-кесте – Корреляциялық бағалардың тұрақтылығын тексеру нәтижелері

Өңір	Деректер спецификациясы	Ауқымы (г)	Маңыздылығы (р)	Өзгерістер сипаты
Қарағанды	Бастапқы деректер	0,825-0,944	$P < 0,01$	Негізгі модель
	Осу қарқындары	0,563-0,919	$P < 0,05 - 0,01$	Орташа төмендеу
Маңғыстау	Бастапқы деректер	0,874-0,974	$P < 0,01$	Негізгі модель
	Осу қарқындары	0,466-0,972	$P < 0,05 - 0,01$	Орташа төмендеу
Түркістан	Бастапқы деректер	0,534-0,980	$P < 0,05 - 0,01$	Негізгі модель
	Осу қарқындары	0,542-0,926	$P < 0,05 - 0,01$	Орташа төмендеу

АЭА қызметінің қосымша оң нәтижелерінің бірі – тіркелген ШОК-тың жалпы санындағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үлесінің артуы болып табылады (2-сурет). Мәселен, Қарағанды облысында бұл көрсеткіш 2011 жылы («Сарыарқа» АЭА құрылғанға дейін) 64,0%-дан 2024 жылы 91,6%-ға дейін өсті, бұл АЭА-ның өңірдегі кәсіпкерлік белсенділікке оң әсерін көрсетеді.



2-сурет – Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санындағы жұмыс істеп тұрған ШОК үлесі



Түркістан облысында жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің үлесі салыстырмалы түрде төмен деңгейде болғанына қарамастан, 2010 жылғы 24,8%-дан 2024 жылы 54,4%-ға дейін артты. Ал «Ақтау теңіз порты» АЭА құрылғанға дейінгі кезеңде Маңғыстау облысындағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына қатысты ресми статистикалық деректердің болмауы өңірдегі ахуалды талдауға мүмкіндік бермеді.

Қорытынды. Жүргізілген талдау және Қазақстанның үш өңірі мысалында зерттелген көрсеткіштер арасындағы жоғары корреляцияның анықталуы арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) жеңілдетілген режимінің нәтижесінде негізгі капиталға салынатын инвестициялар көлемінің артуы кәсіпкерліктің дамуына оң әсер етеді деген ұсынылған гипотезаны растайды.

Сонымен қатар, Түркістан облысы бойынша алынған нәтижелердің өзіндік ерекшеліктері бар. Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны мен макроэкономикалық көрсеткіштердің көпшілігі арасындағы әлсіз өзара байланыс тек ресми түрде тіркеліп, нақты шаруашылық қызметін жүзеге асырмайтын кәсіпорындардың үлесінің жоғары екенін көрсетеді. Бұдан басқа, өңірдің кәсіпкерлік секторы негізінен микро және жеке кәсіпкерлік субъектілерінен тұрады.

Алынған нәтижелер АЭА-ның қызмет тиімділігін арттырудың және шағын және орта бизнестің дамуын ынталандырудың негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Ең алдымен, мемлекеттік қолдау шараларын нақты инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын, жұмыс орындарын құратын және өндірістік қызметпен айналысатын кәсіпорындарға бағыттаған орынды. Сонымен қатар, жер учаскелерін жеңілдетілген шарттармен беру, жеделдетілген амортизацияны қолдану, инфрақұрылымды субсидиялау және заманауи технологияларды енгізу тетіктерін кеңейту қажет.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық шаралардың да маңызы зор. Перспективалы бағыттардың бірі – арнайы экономикалық аймақтар резиденттері арасындағы кластерлік өзара іс-қимылды дамыту, бизнес-инкубаторлар мен акселераторлар құру, сондай-ақ серіктестерді, инвесторларды іздеуге және мемлекеттік қызметтерді алуға арналған цифрлық платформаларды дамыту болып табылады. Қосымша тиімділікке коворкинг орталықтарын дамыту, іскерлік іс-шаралар өткізу, «бір терезе» қағидатын жетілдіру, сатып алу рәсімдерін шағын және орта кәсіпкерлік мүмкіндіктеріне бейімдеу, сондай-ақ өнімдер мен қызметтерді нарықта ілгерілету құралдарын кеңейту арқылы қол жеткізуге болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің **АР26199455** «Өңірлер экономикасын әртараптандыру факторы ретінде кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру» атты ғылыми жобасы шеңберінде қаржылық қолдау арқылы дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 242-VI ҚРЗ [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> (қаралған күні: 03.12.2025).
2. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 242-VI ҚРЗ, 2025 жылғы 11 қазандағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен [Электрондық ресурс] // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> (қаралған күні: 13.11.2025).
3. Aggarwal A. SEZs and economic transformation: towards a developmental approach// Transnational Corporations. - 2019. – Vol.26, No.2. - P.27-47. – DOI: 10.18356/d5636c42-en.



4. Borowiecki R., Makiela Z.J. Determinants of entrepreneurship and innovation development in local areas of economic activity: a case study analysis // *Forum Scientiae Oeconomia*. – 2019. – Vol.7, No.2. – P. 7–24. – DOI: 10.23762/FSO_VOL7_NO2_1.
5. Frick S. A., Radouane I. Special economic zones and entrepreneurship: A new path forward for SEZs in Africa? // *Transnational Corporations: Investment and Development*. – 2024. – Vol.31, No.1. – P. 107–113. – DOI: 10.18356/2076099x-31-1-7.
6. Tian X., Xu J. Do place-based policies promote local innovation and entrepreneurship? // *Review of Finance*. – 2022. – Vol.26, No.3. – P. 595–635. – DOI: 10.1093/rof/rfab029.
7. Van Praag C. M., Versloot P. H. What is the value of entrepreneurship? A review of recent research // *Small Business Economics*. – 2007. – Vol.29, No.4. – P. 351–382. – DOI: 10.1007/s11187-007-9074-x.
8. Yuzbashoglu N., Ydyrys S., Kozhambekov Zh., Kelesbayev D. Development and Current Situation of Special Economic Zones in Kazakhstan // *Journal of Economic Research & Business Administration*. – 2018. – Vol.125, No.3. – P. 127–133.
9. Acs Z. J. Entrepreneurship and economic development: the valley of backwardness // *Annals of Innovation & Entrepreneurship*. – 2010. – Vol.1, No.1. – e5641. – DOI: 10.3402/aie.v1i1.5602.
10. Cumming D., Johan S., Zhang M. The economic impact of entrepreneurship // *Corporate Governance: An International Review*. – 2014. – Vol.22, No.2. – P. 162–178. – DOI: 10.1111/corg.12058.
11. Almodovar-Gonzalez M., Fernandez-Portillo A., Díaz-Casero J. C. Entrepreneurial activity and economic growth. A multi-country analysis // *European Research on Management and Business Economics*. – 2020. – Vol.26, No.1. – P. 9–17. – DOI: 10.1016/j.iemeen.2019.12.004.
12. Zarkua T., Heijman W., Benešová I., Krivko M. Entrepreneurship as a driver of economic development // *Entrepreneurial Business and Economics Review*. – 2025. – Vol.13, No.1. – P. 61–77. – DOI: 10.15678/EBER.2025.130104.
13. Anton S. G., Bostan I. The role of access to finance in explaining cross-national variation in entrepreneurial activity: A panel data approach // *Sustainability*. – 2017. – Vol.9, No.11. – e1947. – DOI: 10.3390/su9111947.
14. Ghulam Y., Hakro A. N., Naumani O. SMEs' access to bank financing during the financial crises in Europe // *Journal of Small Business Strategy*. – 2025. – Vol.35, No.1. – P. 74–96. – DOI: 10.53703/001c.124820.
15. Li Z., Pang S., Zhu Z. The impact of pilot free trade zones on entrepreneurship: Evidence from a quasi-natural experiment in China // *Socio-Economic Planning Sciences*. – 2024. – Vol.92. – e101801. – DOI: 10.1016/j.seps.2023.101801.
16. UNCTAD. Promoting MSME Development and Entrepreneurship in and around Special Economic Zones in Africa: A Guide for Practitioners [Электрондық ресурс]. – Geneva: United Nations Conference on Trade and Development, 2023. – 38 p. – URL: <https://unctad.org/publication/promoting-msme-development-and-entrepreneurship-and-around-special-economic-zones> (қаралған күні: 13.11.2025).
17. АЭА дамыту жөніндегі жол картасы 2022 жылғы 25 шілде [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. – URL: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/ispolnenie-porucheniy-prezidenta-v-kazhastane-utverzhdena-dorozhnaya-karta-po-razvitiyu-sez-2665133> (қаралған күні: 03.11.2025).
18. Түркістан облысында еліміздегі ең ірі мақта кластері құрылды [Электрондық ресурс] // «Tengrinews» интернет ресурсы» желілік басылымы. – URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/krupneyshiy-strane-hlopkovyyi-klaster-sformirovali-589087 (қаралған күні: 26.12.2025).
19. Кәсіпорындар статистикасы [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org> (қаралған күні: 10.09.2025).

References

1. «Arnajy ekonomikalık zhəne industriyalık ajmaktar turaly» Қазақстан Respublikasynuң Заңу 2019 zhylfı 3 səuridegi № 242-VI KRZ. «Әділет» Қазақстан Respublikasy normativtik құқықтық актилерінің ақпараттық-құқықтық zhıjesi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> (accessed: 03.12.2025).
2. «Arnajy ekonomikalık zhəne industriyalık ajmaktar turaly» Қазақстан Respublikasynuң Заңу 2019 zhylfı 3 səuridegi № 242-VI KRZ, 2025 zhylfı 11 kazandafy zhardaj boıynsha ózgeristermen zhəne tolyktyrularmen. «Әділет» Қазақстан Respublikasy normativtik құқықтық актилерінің ақпараттық-құқықтық zhıjesi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000242> (accessed: 13.11.2025).
3. Aggarwal A. SEZs and economic transformation: towards a developmental approach. *Transnational Corporations*, 2019, 26(2), pp.27–47. DOI: 10.18356/d5636c42-en.



4. Borowiecki R., Makiela Z. J. Determinants of entrepreneurship and innovation Development in local areas of economic activity: a case study analysis. *Forum Scientiae Oeconomia*, 2019, 7(2), pp.7-24. DOI: 10.23762/FSO_VOL7_NO2_1.
5. Frick, S.A. & Radouane, I. Special economic zones and entrepreneurship: A new path forward for SEZs in Africa? *Transnational Corporations: Investment and development*, 2024, 1(31), pp.107-113. DOI: 10.18356/2076099x-31-1-7.
6. Tian, X. & Xu, J. Do place-based policies promote local innovation and entrepreneurship? *Review of Finance*, 2022, 26(3), pp.595–635. DOI: 10.1093/rof/rfab029.
7. Van Praag C.M. & Versloot P.H. What is the value of entrepreneurship? A review of recent research. *Small Business Economics*, 2007, 29(4), pp.351–382. DOI: 10.1007/s11187-007-9074-x.
8. Yuzbashoglu N., Ydyrys S., Kozhambekov Zh., Kelesbayev D. Development and Current Situation of Special Economic Zones in Kazakhstan. *Journal of Economic Research & Business Administration*, 2018, 125(3), pp.127–133.
9. Acs Z.J. Entrepreneurship and economic development: the valley of backwardness. *Annals of Innovation & Entrepreneurship*, 2010, 1(1), 5641. DOI: 10.3402/aie.v1i1.5602.
10. Cumming D., Johan S., & Zhang M. The Economic Impact of Entrepreneurship. *Corporate Governance: An International Review*, 2014, 22(2), pp.162-178. DOI: 10.1111/corg.12058.
11. Almodovar-Gonzalez M., Fernandez-Portillo A., Díaz-Casero J.C. Entrepreneurial activity and economic growth. A multi-country analysis. *European Research on Management and Business Economics*, 2020, 26(1), pp.9-17. DOI: 10.1016/j.iedeen.2019.12.004.
12. Zarkua T., Heijman W., Benešová I., Krivko M. Entrepreneurship as a driver of economic development. *Entrepreneurial Business and Economics Review*, 2025, 13(1), pp.61-77. DOI: 10.15678/EBER.2025.130104.
13. Anton S.G., Bostan I. The role of access to finance in explaining cross-national variation in entrepreneurial activity: A panel data approach. *Sustainability*, 2017, 9(11), 1947. DOI: 10.3390/su9111947.
14. Ghulam Y., Hakro A. N., Naumani O. SMEs' Access to Bank Financing During the Financial Crises in Europe. *Journal of Small Business Strategy*, 2025, 35(1), pp.74–96. DOI: 10.53703/001c.124820.
15. Li Z., Pang S. and Zhu Z. The impact of pilot free trade zones on entrepreneurship: Evidence from a quasi-natural experiment in China. *Socio-Economic Planning Sciences*, 2024, 92, 101801. DOI: 10.1016/j.seps.2023.101801.
16. UNCTAD. Promoting MSME Development and Entrepreneurship in and around Special Economic Zones in Africa: A Guide for Practitioners. Geneva: United Nations Conference on Trade and Development, 2023, 38 p. URL: <https://unctad.org/publication/promoting-msme-development-and-entrepreneurship-and-around-special-economic-zones> (accessed: 13.11.2025).
17. AEA damytu zhonindegi zhol kartasy 2022 zhyly 25 shildede. *Kazakhstan Respublikasy Premier-Ministriniñ resmi aqparattyq resursy*. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/ispolnenie-porucheniy-prezidenta-v-kazahstane-utverzhdennaya-dorozhnaya-karta-po-razvitiyu-sez-2665133> (accessed: 03.11.2025).
18. Tyrkistan oblysynda elimizdegi eñ iri maқта кластері қырылды. «Tengrinews» internet resursy» zhelilik basylymy. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/krupneyshiy-strane-hlopkovyy-klaster-sformirovali-589087 (accessed: 26.12.2025).
19. Kasiporyndar statistikasy. *Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Yltyq statistika byurosynyn resmi sajty*. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-org> (accessed: 10.09.2025).

ASSESSMENT OF THE IMPACT OF SPECIAL ECONOMIC ZONES ON THE DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURSHIP

N.K. Nurlanova¹, A.T. Tleuberdinova¹, A.O. Akhtursunova^{2*}, E.T. Sadykov¹

¹Institute of Economics Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

²Karaganda University of Kazpotreboyz, Karaganda, Kazakhstan

Summary. Global experience confirms that the economic development of special economic zones (SEZs) has a positive impact on entrepreneurship. Kazakhstan has established 17 SEZs, but their effectiveness varies due to insufficient infrastructure and limited potential. This development and the implementation of measures to improve their impact require evaluation. The purpose of this study is to analyze the theoretical and practical



aspects of the functioning of SEZs in Kazakhstan, assess their impact on entrepreneurship, and develop recommendations. The hypothesis is that increased investment in the fixed capital of SEZs, due to the preferential regime, contributes to the development of entrepreneurship. Logical, systematic, and economic-statistical methods were used, including correlation analysis. The study was conducted in the SEZs of Karaganda, Mangystau, and Turkestan regions. The data were provided by the Statistical Bureau of Kazakhstan. The results showed a significant impact of investments in SEZs on the development of entrepreneurship. Recommendations were also developed to improve the SEZs in Kazakhstan. The findings confirm the research hypothesis that increased investment in special economic zones has a positive effect on entrepreneurial activity.

Keywords: special economic zones, small and medium-sized businesses, region, economics, investments.

ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ЗОН НА РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Н.К. Нурланова¹, А.Т. Тлеубердинова¹, А.О. Ахтурсунова^{2*}, Е.Т. Садыков¹

¹Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

²Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан

Резюме. Мировой опыт подтверждает, что экономическое развитие специальных экономических зон (СЭЗ) благоприятно сказывается на предпринимательстве. В Казахстане создано 17 СЭЗ, однако их эффективность варьируется из-за недостаточной инфраструктуры и неполного потенциала. Такое развитие и разработка мер по улучшению воздействия требуют оценки. Цель данного исследования – анализ теоретических и практических аспектов функционирования СЭЗ в Казахстане, оценка их влияния на предпринимательство и разработка рекомендаций. Гипотеза заключается в том, что увеличение инвестиций в основной капитал СЭЗ, благодаря льготному режиму, способствует развитию предпринимательства. Использовались логические, системные и экономико-статистические методы, включая корреляционный анализ. Исследование проводилось в СЭЗ Карагандинской, Мангистауской и Туркестанской областей. Данные предоставлены Статистическим бюро Казахстана. Результаты показали значительное влияние инвестиций в СЭЗ на развитие предпринимательства. Также были разработаны рекомендации по улучшению СЭЗ в Казахстане. Полученные результаты подтверждают гипотезу исследования о том, что увеличение инвестиций в особые экономические зоны оказывает положительное влияние на предпринимательскую активность.

Ключевые слова: специальные экономические зоны, малое и среднее предпринимательство, регион, экономика, инвестиции.

Авторлар туралы ақпарат:

Нурланова Наиля Капеновна – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: n.k.nurlanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4210-3783.

Тлеубердинова Айжан Тохтаровна - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: tleuberdinova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-8762-5932.

Ахтурсунова Айгерим Орымбековна* - PhD студенті, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, e-mail: aigerima.bazh@gmail.com, ORCID ID: 0009-0006-8599-6522.

Садыков Еркін Токмухамедұлы - экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: ieconomkz@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4319-4242.

Информация об авторах:

Нурланова Наиля Капеновна – доктор экономических наук, профессор, Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан, e-mail: n.k.nurlanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4210-3783.



Тлеубердинова Айжан Тохтаровна - доктор экономических наук, профессор, Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан, e-mail: tleuberdinova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-8762-5932.

Ахтурсунова Айгерим Орымбековна* - PhD студент, Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Казахстан, e-mail: aigerima.bazh@gmail.com, ORCID ID: 0009-0006-8599-6522.

Садыков Еркин Токмухамедович - доктор экономических наук, профессор, Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан, e-mail: ieconomkz@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4319-4242.

Information about the authors:

Nurlanova Nailya K. – Doctor of Economic Sciences, Professor, Institute of Economics Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: n.k.nurlanova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4210-3783.

Tleuberdinova Aizhan T. - Doctor of Economic Sciences, Professor, Institute of Economics Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: tleuberdinova@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-8762-5932.

Akhtursunova Aigerim O.* - PhD candidate, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan, e-mail: aigerima.bazh@gmail.com, ORCID ID: 0009-0006-8599-6522.

Sadykov Erkin Tokmukhamedovich - Doctor of Economics, Professor, Institute of Economics Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: ieconomkz@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4319-4242.

Алынды: 09.01.2026

Қарауға қабылданды: 04.02.2026

Онлайн қолжетімді: 30.06.2026